



# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz\_jsc

№04 (162), МАМЫР, 2023



## Келелі мәселелер қозғалған кеңес



Компания басшысы өз сөзінде жұмыс орындарының техникалық жабдықталуына және әлеуметтік-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсартуға көңіл бөлу қажет екенін және сауалнама жүргізу арқылы анықталған басқа да кемшіліктерді жою үшін қажетті шаралар қабылдап жұмыстану керек екенін баса айтты. Мұрат Мұстафаев мұнайшылардан болашақта сауалнама толтыруда белсенділік танытуларын сұрап, компания ұжымының әлеуметтік тұрақтылығы деңгейін білу және оны жақсарту мақсатында нақты шараларды қолға алудың маңызы зор екенін атап өтті.

ның жаңа ұжымдық шартын жасақтау бағытындағы жұмыстың жағдайы туралы баяндады.

Жиынның күн тәртібі бойынша кезек сұрақ-жауаптарға берілді, қызметкерлер басшылыққа сұрақтар қойып, басшылық тарапынан толыққанды, егжей-тегжейлі жауаптар алды.

Дәл осындай келелі кездесу Жетібай кенорнында өз жалғасын тапты. Бас директор Мұрат Мұстафаев қатысушыларға Компанияның үстіміздегі жылғы 1-ші тоқсанда атқарған жұмысының қорытындысы туралы баяндап, Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы дайындаған компаниямыздағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін зерттеу жұмыстарының нәтижесі жөнінде айтып өтті.

Жиын соңында мұнайшылар көкейлерінде жүрген экология, кәсіби дәрежені көтеру, еңбекақы мен сыйақы төлеу, жұмыспен қамту сияқты сұрақтар қойып басшылық тарапынан толыққанды жауаптар алды.

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ еңбек ұжымымен есептік кездесуін өткізді. Бас директор Мұрат Мұстафаевтың төрағалығымен өткен бұл жиында 2023 жылдың I-тоқсанында атқарылған жұмыстардың қорытындысы талқыланды.**

Бас директор ұжымды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы негізгі көрсеткіштері жөнінде, кенорындардағы мұнайгаз қоры, компанияның мұнай-газ өндіру жоспарының орындалуы, геологиялық-барлау жұмыстары, экономикалық көрсеткіштер, кадрлық және әлеуметтік саясат туралы баяндама жасады. Сонан соң, Мұрат Мұстафаев жиынға қатысушыларды «Самрұқ-Қазына» қорының тапсырысымен Әлеуметтік өзара іс-қимыл және



коммуникациялар орталығының компаниямыздағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін анықтау мақсатында жүргізген зерттеу жұмыстарының қорытындысымен таныстырды.

Бас директордан кейін сөз алған бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрпейіс Сәрсенбай жиынға қатысушыларға компания-



# Ардагерлер ауызашар кешінде

«Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы «Ақтау Палас» мейрамханасында мұнай саласының ардагерлері мен зейнеткерлеріне арнап ауызашар берді. Ауқымды ауызашар кешіне компанияның 400-ге жуық зейнеткері қатысты.



сала ұжымдары мейрамханаларда осындай ауызашар өткізіп, сауапты іске ұйытқы болып отыр. Алла тағала аға буын ардагерлерді, зейнеткерлерді шақырып, ауыз аштырып жатқан сіздерге мол сауаптан жазсын. Елдің әл-ауқатын көтерудегі еңбектеріңіз еселеп арта берсін», - деді Әнуар қажы Ізімбайұлы.

«Құрметті ардагерлер, ардақты ағалар, аяулы аналар. Қасиетті



Компания басшылығы аға буын ардагерлерді төрге оздырып, ізгі тілектерін айтып, ораза тұтқан көпшілікке ниеттестік білдірді. «Бекет ата» орталық мешітінің бас имамы Әнуар қажы Ізімбайұлы асыл дініміз Исламның құндылықтары, қасиетті Рамазан айының хикметтері мен ораза ұстаудың, ауызашар берудің сауабы туралы уағыз-насихат айтты.

«Рамазан – ай көрмеген ағайынның, жыл көрмеген жекжаттың қауышатын қасиетті айы. Шынтуайтында, Рамазан – шүкірлік айы. Ораза адамды аш қалдыру емес, аштықта қалған адамның хал-жайын ұғыну әрі рухани тазару, Аллаға жақындау үшін ұсталады. Қаблिसа жырау: «Бақыт қайда барасың? – Тарауық намаз оқыған, Көңілге аят тоқыған, Ниетті елге барамын» деп жырлағандай, бүгін қазір Маңғыстау өңірінде 40-қа жуық мешітте тарауық намазы оқылып жатыр, бір күнде 3500 адам мешіттерде ауыз ашып жатыр. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы сынды аймақтағы сан



Рамазан айында ұстап жатқан оразаларыңыз, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын. Биыл «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына 60 жыл толып отыр. Компания осы кезеңде үлкен жетістіктерге жетті. Бұл жетістіктердің барлығы сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында деп білемін. Сондықтан «Маңғыстаумұнайгаз» ұжымының атынан сіздерге бас иіп, зор алғыс білдіремін. Қадірлі ардагерлер, денсаулықтарыңыз мықты болсын, ұрпақтарыңыздың қызығын көріп, шаңырақтарыңыз шаттықта толсын. Осындай ақ дастарқанда оразадан

оразаға аман-есен жете берейік. Ниеттеріңіз қабыл болсын», - деді бас директор Мұрат Мұстафаев.

Алпыс жылдық тарихы бар өңір мұнайының игерілуіне, бүгінгі биік тұғырға көтерілуіне – кешегі күні етігімен саз кешіп, белуардан су кешкен аға буынның еңбегі мен салған сара жолы ерен. Рухани кеште осы өлшеусіз еңбектері үшін зор қошемет көрген ақсақалдар аржарма тілектерін арнап, ақ баталарын берді.

«Бүгінгі кештен ерекше әсер алып, мерейіміз тасып отыр. Біздің ізімізді жалғап келе жатқан әріптестеріміздің ардагер-

лерін ұлықтап, қасиетті айда ауызашар жасап, игілікті іс атқарып жатқаны бек қуантады. Біз әрдайым осы компанияның бүгінгі аяқ алысына, өндірістегі қызметтеріне құлақ түріп, тілекші болып жүреміз. Еліміздің өркендету жолында ақ, адал еңбек ете беріңдер. Өркендерің өссін» - деді сала ардагері Өрен Сағындықов.

Мерейлі кеште Мұрат Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының өнерпаздары дәстүрлі жыр жаухарларын ұсынып, көпшілікке керемет көңіл-күй сыйлады.

Ас соңынан қасиетті Құран аяттары оқылып, дұға-тілектер бағышталды. Осынау кештің куәсі болған ардагерлер мен зейнеткерлерге компания атынан Рамазан сыйлықтары тарту етілді. Құрметті қонақтар Рамазан айының қадір-қасиетін ұлықтап, Алла ризашылығы үшін көрсеткен ізгі ниет, жылы қабақ, ақ пейілдері үшін компания ұжымына қош көңілмен риза болып тарқасты.



## «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорының 2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында атқарған жұмыстарының есебі

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры (одан әрі - Қор) есепшотына келіп түскен ерікті қайырымдылық жарна соммасы 1 579 000 (бір миллион бес жүз жетпіз тоғыз мың) теңгені құрады. Көрсетілген уақыт аралығында Қор тарапынан 4 өтініш негізінде жалпы соммасы 1 202 000 (бір миллион екі жүз екі мың) теңгенің қайырымдылық көмегі жүзеге асырылды. Көмек көрсетуге ішінара өткен айлардан қалған қаражат қолданылды. Артылып қалған қаражат Қор есепшотында сақтаулы тұр. Бұл қаражат алдағы уақытта Қор атына түскен өтініштерге сай жұмсалатын болады.

Қорға көмек сұрап хабарласқан азаматтар арасында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен үшінші тараптар болды. Олардың соммасы мен нысаналы мақсатымен келесі кестеден таныса аласыздар. Одан бөлек Қордың мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерін өтеуге және Қор есепшотын жүргізуге 82 914 теңге тиісті мемлекеттік құзырлы органдар мен мамандандырылған мекеме пайдасына төленді.

№	Аты-жөні	Көмек көрсетілген уақыты	Көмек соммасы, теңге	Мақсаты	Қосымша ақпарат
1.	Бисенова Гульсим Туленовна	Қаңтар	250 000	Материалдық көмек	«ММГ» АҚ бұрынғы қызметкерінің жолдасы, жесір ана
2.	Капатагаева Нургүль	Қаңтар	150 000	Асқазанға түскен қатерлі ісікке ота жасату үшін материалдық көмек	Маңғыстау ауданының тұрғыны
3.	Ақшұқыр ауылдық мешіті	Наурыз	302 000	Ақшұқыр ауылдық мешітінің коммуналдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету	«ҚМГ» ӨБ қызметкерлерінің өтініші негізінде
4.	Суйеуова Бибинур Сериккалиевна	Сәуір	500 000	Үйі өрттен жарамсыз болған көп балалы отбасыға материалдық көмек	Маңғыстау ауданының тұрғыны, мүжәлсіз отбасы

Құрметті әріптестер! Қор қызметінің жүзеге асуына қосқан үлестеріңіз бен азаматтық белсенділіктеріңіз үшін өз атымнан және Қор көмегіне жүгініп, жанына сая тапқан азаматтар атынан баршаңызға шексіз алғысымды білдіремін. Табыстарыңыз арта берсін, садақаларыңыз қабыл болсын!

Қорға салымшы болу, өз атыңыздан көмек беру мәселесі бойынша 215-312 телефон нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.

Құрметпен,  
«Мұнайлы өлке» ҚҚ директоры  
Ф.Ф.Әбдісадық

# Абыройы асқақ азамат

**Қазыналы түбектің мұнай дариясын барлап, маңғаз Маңғыстаудың қойнауына бұрғы салып, қара алтынды игерген мұнайшы ардагерлер қазақтың маңдайына біткен бағы ғой. Уақытпен санаспай, табиғаты қатал, гүлеген желі маңдайыңнан сипай қоймайтын мұнайлы аймақта аянбай еңбек еткен, мамандығына шын берілген, елінің ертеңі үшін тер төгіп, адал қызмет атқарған нағыз Азаматтардың еселі еңбегінің жемісін бүкіл ел болып көріп, бүгінгі ұрпақтың игілігіне жаратып отырмыз.**

«Маңғыстау эпопеясының» даңқты батырларының бірі, өмірінің 53 жылын атақты Өзен кенорнын дамытуға сарп еткен ардагер геолог, Қазақстан Республикасы Жер қойнауын барлау ісінің озаты, Қазақстан Республикасының Құрметті жер қойнауының барлаушысы, Қазақстан Республикасы мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Өтесінов Аманжан Нұрғалиұлы биыл мерейлі 80 жасын тойлағалы отыр.

Қара жердің тұңғығынан қара алтын іздеп, бүгін ел игілігіне жаратып отырған мұнай қазынасын игеру ісіне атсалысқан қазақ мұнайының ардақтысы Аманжан Нұрғалиұлы 1943 жылы 5 мамырда Атырау облысы Жылыой ауданының Құлсары кентінде дүниеге келген. Мұнайшының баласы 21 жасында Гурьев қаласындағы политехникалық техникумді «Өндірістік геофизика» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын атақты Жетібай кенорнында бастайды. Маңғыстауда зор мұнай қорының барын бүкіл әлемге паш еткен түбектің алғашқы қарлығашы – Жетібайдың жер қойнауын зерттеген жас геофизик Батыс Қазақстан кәсіпшілік геофизикалық экспедициясында бір жарым жыл техник-оператор болып жұмыс істеп, 1965 жылы «Қазақстанмұнай» бірлестігінің жолдамасымен Алматы қаласындағы қазіргі Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ Политехникалық институтының мұнай факультетіне оқуға түсіп, оны 1970 жылы тау-кен инженер-геологы мамандығы бойынша озат оқып бітірді.

Кәсіби маман Өзен бұрғылау басқармасында инженер-геолог болып жұмысын бастап, Өзен, Теңге, Батыс Теңге, Қауынды, Көкімбай, Түркіменой секілді Маңғыстаудың мұнай-газ кен орындарында еселі еңбек етті. 1974 жылы «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігінің «Өзенмұнайгаз» өндірістік басқармасына жұмысқа ауысып, осы мекемеде инженер-геологтан бастап, геология бөлімінің аға геологы, цех бастығы, кәсіподақ комитетінің төрағасы лауазымдарына көтеріліп, абыроймен қызмет атқарды. Алып кәсіпорынның партком хатшысы болып сайланып, Жаңаөзен қалалық Бақылау комитетіне төрағалық етті.

Қазақстан тәуелсіздік алған тұста Жаңаөзен қалалық мәслихаты бірінші және екінші шақырылымдарының депутаты болған Аманжан Нұрғалиұлы қатарынан 4 рет, 18 жыл халықтың аманатын арқалады.

Өмірі Өзенмен өзектес болған, мұнайшылар қаласының өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірген Аманжан Нұрғалиұлы Каспий жағалауындағы «Кендірлі» балалар демалыс жайының қазығын қағысып, жол төсеуге, құрылыс материалдарын тасуға, құрылыс жүрісін қадағалауға белсене араласты. Балалар лагерінің құрылыс жұмысын партком ретінде бас болып, мекемелердің кәсіподақ төрағаларымен бірге сол шаруалардың басы-қасында жүрді.

Аманжан Нұрғалиұлы қалалық Бақылау комитеті төрағасы қызметінде жүріп, Қызылсай кентінің



элеуметтік жағдайының қалыптасуына, осы елді мекен тұрғындарының тұрақты түрде теледидар көруіне жағдай жасап, ауылға хабар тарататын антенна орнатуға, ауыз су мәселесінің шешілуіне атсалысып, дүкен, пошта нысандары құрылысына тікелей басшылық етті. «Өзенмұнайгаз» басқармасының кәсіподақ төрағалығы қызметінде жүргенде Ресейдің Пятигорск қаласы маңындағы Иноземцево кентінен 320 орындық «Өзен» пионер лагерінің ашылуына барынша атсалысты.

1991–1995 жылдары «Өзенмұнай» МГӨБ бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болған кезінде де Өтесінов қосалқы шаруашылықты өркендету мақсатында Төңірекшың ойы дейтін жерге Қиғаштың суын арзандатылған бағамен «Казтранс-ойл» арқылы тартып, шаруашылық жұмысын жүргізіп, мұнайшылар қаласын көкөніспен қамтамасыз етті. Кейін «Өзенмұнайгаз» ӨБ геология бөлімінің бастығы, МГӨБ-1 бас геологы қызметін атқарып, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Кеңестік-мәжілістік сарапшылық кеңесінің мүшесі болды. 53 жыл Жаңаөзенде жұмыс істеп, оның 35 жылын «Өзенмұнайгаз» кәсіпорнына арнаған ардагер еңбек демалысына шықса да, қоғамдық қызметтен қол үзбей, мұнай саласына, мұнайшылардың өміріне әлі де белсене араласып келеді.

Өзен кен орнының қалыптасуына, қаз тұрып, өсіп-өркендеп, кең қанат жаюына куәгер ғана емес, сол игі істерге белсене араласқан ел азаматы жайлы Өзен мұнайын өндіретін кәсіпорынның тұңғыш басшысы, қаланың іргетасын қаласқан Рахмет Өтесіновтың айтқан мына сөздері біраз сырды аңғартады: «Сен еңбек жолыңды Өзеннен бастап, Өзеннен аяқтағалы отырсың, бұл адам қызығарлық тұрақтылық. Өзеннің өсіп-өркендеуіне бір кісідей-ақ еңбек сіңірдің. Ол ескерусіз қалмақ емес. Өзен кен орнының игерілу тарихындағы ең ауыр да жауапты жылдар сендердің үлестеріңе тиді. Сендер ол міндетті абыроймен арқалап шықтыңдар. Өзеннің қазіргі көз тартар көркі, ел алдындағы абырой-атағы сен сияқты байырғы мамандардың, адал ұлдарының еңбегінің нәтижесі».

Мұнайшылар қаласына бауыр басып қана қоймай, әрбір тасымен біте қайнасып кеткен абыройы асқақ азамат Өзеннің нағыз жанашыры болды. Барша қазақстандықтардың назарына ілініп, елді елең еткізген, әлеуметтік мәселелері әлі де өзектілігін жоғалтпаған атақты Жаңаөзен қаласында 2011 жылы орын алған қайғылы оқиғадан кейін сол кездегі «ҚазМұнайГаз» компаниясының төрағасы Қиынов ардагер мұнайшыларды шақырып, Өзен кенорнын-

дағы істің мән-жайын талдауға қатыстырған болатын. Сол ардагерлердің қатарында болған кен орнының бар сырын бес саусағындай білетін Аманжан Нұрғалиұлы кен орнының мәселелерін талқылап, талдаудан кейін оңды ұсыныстар мен шешімдердің қабылдануына қомақты үлесін қосты. Ардагер мұнайшы әлі де «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығымен бірлесе жұмыс істеп, кәсіпорынның директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры лауазымын атқаруда.

Қоғамдық қызметпен қатар, тәжірибелі тәлімгер мұнайшы геолог ретінде өзінің іс-тәжірибесін, ақыл-кеңесін жастарға жалықпай үйретумен келеді. Өтесіновтің мектебінен өткен шәкірттері еліміздің әр түкпірінде басшылық қызметтерде жұмыс істеп жүр. Кәсіпқой маман ғылым саласының дамуына да айтарлықтай үлес қосты, ол «Парафині көп Маңғыстау мұнайы» монографиясының, бірқатар ғылыми мақаланың авторы, қабаттың мұнай өнімділігін арттыруға арналған 2 патент иегері.

Еліміздің Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласының өрістеуіне елеулі үлес қосқан Аманжан Өтесіновтің еңбегі еленіп, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарымен, түрлі мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен марапатталды.

2015 жылы Н. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мұнай саласының кемеңгері жайлы «Қазақ мұнайының ардақтылары» топтамасында «Аманжан Өтесінов» ғұмырбаяндық кітабы жарық көрді. Ал 2016 жылдан бері Аманжан Нұрғалиұлы осы қордың Ақтау қаласындағы өңірлік үйлестірушісі қызметін атқарып келеді. 9 мыңнан астам ардагер мұнайшыны бір шаңырақтың астына біріктіре алған Н.Ө. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының құрылғанына биыл 19 жыл болады, соның 7 жылы ішінде қор қызметкерлерімен тізе қосып, көмекке мұқтаж мұнайшыларды қолдап, еліміздің мұнай шежіресін тізуге атсалысып, 100-ден аса кітаптан тұратын «Қазақ мұнайының ардақтылары» ғұмырнамалық кітаптар топтамасының жарық көруіне өз үлесін қосып, өңірдегі атақты мұнайшылардың есімдерін ұлықтап, түрлі мерейтойлар, кездесулер мен оғамдық ісшараларды ұйымдастырып жүрген Аманжан Нұрғалиұлының «Мұнайшы» қоғамдық қорына сіңірген еңбегі зор.

Осындай іскер, кемеңгер тұлғамен еліміздің ардагер мұнайшыларына қамқор болып, қазақ мұнайы ардақтыларының есімдерін ұлықтап, мұнайлы аймақтардағы мыңдаған ардагердің мұң-мұқтажын шешіп отырған «Мұнайшы» қоғамдық қорының қара шаңырағында қызметтес болу – біздер, қор басшылығы мен қызметкерлері үшін зор құрмет.

Құрметті Аманжан Нұрғалиұлы, Сіз мұнай саласында адал еңбек етіп, абырой биігінен көріндіңіз, еңбегіңіз еленіп, халықтың құрметіне, үлкен марапаттарға ие болдыңыз. Мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, үлкен бір әулеттің ақсақалына, ақылшы тірегіне, арқасүйеріне айналдыңыз. Сексеннің сеңгіріне шыққан мерейлі тойыңызда «Мұнайшы» қорының, қор қамқорына алған бүкіл мұнайшы ардагерлердің атынан Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілейміз. Жақындарыңыз аман болсын, әулетіңіз өркендеп, ұрпағыңыз жайылып, мұнайшы атасының даңқын болашаққа жалғай берсін!

**Ізгі тілекпен,**

**Н.Ө. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңестің мүшелері- А.А. Құлыбаев, Л.О. Марабаева, Р.Ж.Исаев, Б.Ш.Сматуллин, Б.М.Махуов, Ш.С.Шамаров.**

**Қызметкерлер-Абдулқалыкова Ф.К., Тіналыева К.А.**

## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Еңбек адамы

# Ел ырысын еселеу жолында

**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ №2 МГӨК ұжымында Назарбек Монтақовты мұнайшы ғана емес, қамқор аға, ел азаматы деп танитындардың қатары қалың. Мұнайгаз саласының қалыптасуы жолындағы ең қиын кезеңдерінде аянбай еңбек етіп, ширек ғасырға жуық өлке өндірісін өрге сүйреген Назарбек Дойырбайұлы сол өңірдің тумасы. Аталған цехта 1987 жылы табандап жүріп тәжірибе жиған ол бүгінде білікті слесарь, бесасап маман.**

Тәулігіне 4 000 тоннаға жуық мұнай өндіретін цехтың жұмысы қауырт. Осы цехтың белді маманы еңбектің қырманын қыздырып, қашан көрсен қалбалақтап кетіп бара жатады. Зырылдап жүргені – жұмыстың реті. Мұндағы қай қызметкердің де қолдары әсте босамайды. Екі ауысымда қанаттасып жұмыс істейтін слесарларға артылған жүктің салмағы ауыр. Топтық қондырғының жабдықтау жұмыстары, одан қала берді, 14 насостың үздіксіз жұмыс істеуі осы слесарь-жөндеушілерге жіті назарында болады.

Назарбек Дойырбайұлының ер жетіп, еңбекке араласқалы көргені осы өндіріс. Еңбек жолында маңдай терімен тапқан құрметі, құрметке бөлеп келе жатқан абырой-беделі бар.

- Нәкең – сөздің емес, істің адамы. Жасаған қайбір жұмысын алсаң да өте тиянақты. Цех жұмысы осындай жанкешті жұмысшылардың арқасында алға жылжып отыр, - дейді цех басшысы Әділбек Әкімиязов.



Жайсаң мінезді жақсы ағаның жылдар бойғы тәжірибесіндегі кездескен қиындықтарды қайсарлықпен нөқталағаны, жанына білікті жігіт-желеңді жинап, ұйымшыл ортаны қалыптастырғаны көрініп-ақ тұр. Өз жұмысына адал, әрбір шаруаның шашауын шығармай, цехқа қарасты сепаратор, топтық қондырғы, сорғылардың жайкүйін үнемі бақылап отырады.

Бүгінде адал жарымен 3 ұл, 1 қыз өсіріп отырған бақытты шаңырақтың иесі ұл-қыздарының

өз саласында әрқашан үздік болғанын қалайды.

Аға буын салған сара жолға адал Назарбектей жетібайлық мұнайшылардың да ел болашағына артқан сенімі мол, үміті үлкен. «Тозар елдің жанжалы көп, озар елдің арманы көп». Болашаққа сенім бар жерде істің оңға басуы даусыз. Сондықтан да қарапайым тірлік кешіп, ел қазынасының молаюына атсалысып жүрген Назарбек Монтақов секілді азаматтарды «қара алтынның» қара нарлары десе әсте жарасатындай...

## Міндетіне мығым машинист

**Маңғыстау мұнайының қара шаңырағы «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының өсіп-өркендеуі жолында күш-қайратын сарп еткен майталман мұнайшылар қатарында кезекті кейіпкеріміздің есімі ерекше аталады. Ол отыз жылға жуық өндірістің ыстық-суығына төзіп, мұнайлы мекеннің ырысын еселеуге елеулі үлес қосып келеді.**

жылдың шілде айында келіп, тәуелсіздік тұсынан күні бүгінге дейін еңбек етіп, ел қазынасын қара алтынға толтырып жүр. Кешенді мұнай дайындау және өткізу цехында технология сораптар машинисі

қарасақ, әрине өзгерістер көп қой. Мұнай-газ саласына енгізілген жаңа технологиялардың арқасында еңбек өнімді, жұмыс нәтижелі. Біздің кешенді мұнай дайындау және өткізу цехында технология сораптар машинисінің атқарар міндеті, жұмысы оңай емес. Машинист мамандығын игеру үшін ең алдымен шыдамдылық, сабырлық керек деп ойлаймын. Күннің ыстық-суығына қарамастан сораптарды майлау, сальник соғу жұмыстары кезек күттірмейтін жұмыстардың бірі. Машинистің негізгі жұмысы – күн сайын ауысым келгенде бірінші сол сораптарды тексеру, қандай жағдайда екенін біліп жұмысқа жарамдылығын қадағалау. Ұжымда екі вахтада 60 адамнан, 120 қызметкер еңбек етеді. Міне, осы өз ісінің нағыз мамандары жиылған ұжымда мұнай өндіру ісі мүлтіксіз жүріп отыруы керек, - дейді Дүйсен Жаулыбаев.

Жұмысына асқан жауапкершілікпен қарайтын Дүйсен ағаның бір туған бауырлары да өндірісте еңбектері жанған жандар. Ал отбасында өз бақытын тапқан еңбек иесінің балаларының бәрі жоғары білім алып, ата-анасының үмітін ақтауға күш салып келеді. Қос қызы экономист мамандығында білім алып, өз салаларында абыройлы қызмет етіп жүр.

Өндірісте өз жолын, өмірде шын бақытын тапқан кейіпкерімізге толайым табыс тілейміз.



Дүйсен Жаулыбаев 1960 жылы Қарақалпақстанның Хожелі қаласында туып өскен. Ол 1978 жылы орта мектепті тәмамдап, сол жылы ауыл шаруашылық техникумның техника-механика бөліміне оқуға түседі. Ата-анасы мал шаруашылығы саласында

еңбек еткесін бе, Дүйсен аға шаруашылық саласынан ұзай қоймады. Дегенмен тағдырдың таңдауы кейіпкерімізді өндіріске алып келді. Дүйсен Мыңбайұлының бұл салада еңбегі жана түспесе, кеміген жоқ. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ 1995

ретінде оның атқарар қызметі орасан зор. Жауапкершілігі де жоғары. Бүгінгі өндірістің тыныс-тіршілігі мен аяқ алысына зор ризалық, үлкен сенім артады.

– Қазір өндірісте алғашқы жұмысқа кірген кезеңмен салыстыра

Жаннат Кемал



# Өз ісінің үздіктері

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

**«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында «Үздік маман-2023» кәсіби шеберлік конкурсының I-кезеңі аяқталды. Биыл «Қаламқасмұнайгаз» бен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармаларының 122 қызметкері үздіктердің үздігі құрметті атағы үшін сынға түсті.**

Конкурсқа Мұнай және газ өндіру жөніндегі операторлар, слесарь-жөндеушілер, қабат қысымын ұстау операторлары, электр газбен дәнекерлеушілер, ұңғымаларды зерттеу операторлары, химиялық талдау зертханашылары және тауар операторлары (алғаш рет) қатысты.

Айтулы жарыс қалыптасқан дәстүрге сай практикалық және теориялық бөлім бойынша өтті.



Практикалық кезеңді орындау кезінде Комиссия жұмыс сапасы, нормативтік уақыт пен жылдамдық бойынша тапсырманы орындау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтау, жұмыс орнының

мәдениеті секілді критерийлерді бағалады.

Теориялық бөлімде практикалық кезеңнен сәтті өткен қатысушылар бір сағат ішінде 50 сұраққа дұрыс жауап беруі қажет.

Осылайша «Үздік маман-2023» байқауының I-кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды. Басқарма басшылары салтанатты марапаттау рәсімінде оларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар (планшеттер) табыстап, еңбекте жаңа жетістіктер тіледі. Бірінші, екінші және үшінші орын алған қызметкерлерге тиісінше 100, 70 және 50 АЕК мөлшерінде біржолғы сыйақы қарастырылған.

Сонымен қатар, конкурсқа қатысушыларға «тауар операторы» номинациясында көмектескен қызметкерлер (дублерлер) де атап өтілді. Сондай-ақ, қоғамның кәсіподақ комитетінің атынан 4 және 5 орындарға ие болған конкурсанттарға (Мұнай және газ өндіру жөніндегі операторларға, өйткені конкурсқа көптеген адамдар қатысты) ынталандыру сыйлықтары табысталды.

Енді Қаламқас пен Жетібайдағы байқаудың I-кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері 2023 жылдың мамыр айында өтетін II-кезеңде өзара бақ сынаиды.

Өз кезегінде, II-кезеңнің жеңімпаздары осы жылдың күзінде өтетін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының қызметкерлері арасындағы республикалық конкурста өз ұжымның намысын қорғамақ.



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# Асарда оқу-жаттығу сыныбы ашылды



**28 сәуір Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні қарсаңында Асар кенорнындағы №3 мұнай газ өндіру кешенінде цех бастығы Қ. Көшербай мен Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінің жетекші инженері Е.Тұрашевтың бастамасымен қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша арнайы оқу-жаттығу сыныбы ашылды.**

Бұған дейін цех қызметкерлері жылдық өндірістік қауіпсіздік бойынша білімдерін жетілдіріп, өндірістік тестілеуден өту үшін «Жетібаймұнайгаз» ӨБ пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау және жөндеу цехына арнайылап баруға мәжбүр еді. Осы күнге дейін кенорын арасына қатынауда жолдың ұзақтығымен қатар, жұмысшыларды тасымалдаумен байланысты техникалық қиындықтар біршама қолайсыздықтар тудырғаны рас. Енді қызметкерлерге арналған арнайы оқу-жаттығу және ақпараттық сыныбының ашылуы бірқатар мәселелердің шешімін табуға жол ашты.

Бүгінгі таңда оқу-жаттығу орталығына компьютерлік жабдықтар мен интерактивті тақтайша орнатылып, қызметкерлер ақпараттық хаттар мен басқа да өндірістік бейне роликтердерді көруге мүмкіндік алды.

Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыда қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселесі күн тәртібінен ешқашан түскен емес.

Қызметкерлердің денсаулығы мен өмірінен құнды ештеңе жоқ, компанияның негізгі құндылығы – оның қызметкерлері, әр қызметкер қауіпсіздік үшін жауап береді, компанияның табыстылығы қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарын орындауына тікелей байланысты, компанияның негізгі мақсаты қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету секілді қағидаттарды қатаң ұстанатын мамандар қашан да өз кәсібіне адал болып қала береді.

**Б.Б. Ләтіп,  
Қауіпсіздік және еңбекті  
қызметінің басшысы**

# Тілсіз жаумен табанды күрес

**Жыл басынан бері «Маңғыстаумұнайгаз» кенорындарында екі өрт жағдайы болған. Осы жылдың 6 қаңтары күні Қаламқас кенорнында «БТҚ» ЖШС қарасты 100-орындық өндірістік базасындағы диспетчерлік және медициналық пунктте өрт шықты. Электр тоқтарының қысқа тұйықталуынан тұтанған отты Қаламқас кенорнындағы «Семсер-Өрт сөндіруші» жеке құрамының күштері сөндірді. Екінші өрт оқиғасы 24 қаңтарда Жетібай кенорнындағы 2-МГӨЦ 9-ТҚ №5103 ұңғысында болды. Технологиялық режимнің бұзылу салдарынан болған қызыл жалынды «Семсер-Өрт сөндіруші» жеке құрамының күштері ауыздықтады.**

Осы оқиғалардан белгілі болғандай, өрттің шығу салдары көп жағдайда адами факторға байланысты болып отыр, яғни технологиялық режимнің дұрыс сақталмауы мен тоқ көздерін уақытылы тексерістен өтпеуінен өрт оқиғалары туындайды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның өртке қарсы қызметінің инженерлері өрттің алдын алу, төтенше жағдайларға дайын болу мақсатымен мекемелерде тексерістер, семинарлық сабақтар өткізіп тұрады.

«Семсер-Өрт сөндіруші» жеке құрамы және басқа да авариялық-құтқару қызметтерінің күштерімен бірігіп, тәжірибие шыңдау және оқиға орнына уақытылы күштерді жұмылдыру мақсатымен мекемелерде біріккен оқу жаттығулар ұдайы ұйымдастырылады.

Маңғыстау өңірінің табиғаты жауын-шашынның аз болуынан құрғақ болып келеді, сондықтан аймақта өрт оқиғалары ең жиі кездесетін төтенше жағдай десек те болады. Сондықтан да адамдар қай жерде болмасын қауіпсіздік ережелерін сақтағаны жөн. Егер де аяқ астынан өрт шықса ең алдымен сабыр сақтау керек. Сабырдан айырылған адам өзінің не істеп, не қойғанына есеп бере алмай қалады. Өрт болған жағдайда ең алдымен «101-өрт сөндіру қызметіне» қоңырау шалып, мекен-жайын толық айтып, сосын мүмкіндік болса қауіпсіз жерге шығуға тырысу керек.

Көбінесе адамдар өртті өздері сөндіреміз деп уақытты созып алады. Осылайша өрт дес бермей кеткеннен кейін барып мамандардың көмегіне



Өрт болған жағдайда оқиға орнына тез жету мақсатымен Жетібай кенорнының МАЖӨЦ және 2-МГӨЦ 20-ТҚ аумағында өрт командасының қосымша постары ашылып, қазіргі кезде мұнда кезекшілік жүргізіледі. Осындай постар Қаламқас кенорны БТСС-3, БТСС-5 аумағында да салынып, нысан толық жөндеуден өткеннен кейін сәуір айында кезекшіліктерін бастайды.

жүгінеді екен. Бұл – үлкен қателік, әр істің нәтижелі болуы оны нағыз маманның атқаруына тікелей байланысты.

Сөз соңында айтарымыз, өрт қай жерде және қай уақытта болатынын дәл болжау мүмкін емес, сол себептен де жұмыс орнында, үйімізде әрдайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтап жүрсек денсаулығымыз бен өмірімізді сақтай аламыз.

## Курс - цифровизация производства



**В рамках мероприятий по совершенствованию производственных процессов, в АО «Мангистаумұнайгаз» продолжается работа по повышению уровня цифровизации и цифровых проектов.**

По словам руководителя группы технического сервиса отдела компьютерных сетей и коммуникаций ДАИТиС Дмитрия Асмолова, в частности, в целях улучшения и модернизации современных информационных систем в АО «Мангистаумұнайгаз» впервые начаты работы по реконструкции серверных помещений центрально-инженерной технологической службы (ЦИТС) производственных управлений «Каламкасмұнайгаз» и «Жетыбаймұнайгаз».

Данные проекты направлены на создание современной инженерной инфраструктуры, соответствующей мировым нормам и стандартам, а также обеспечивают выполнение

необходимых требований и условий для безотказного функционирования оборудования, цифровых систем (серверного оборудования, систем передачи и обработки данных, локально-вычислительной сети, телефонной сети), соблюдения необходимых требований пожарной безопасности.

Но самое главное, благодаря реализации проектов, повысится уровень Информационной безопасности Общества, а также будут приведены в соответствие Требования к системам бесперебойного функционирования технических средств и информационной безопасности (Параграф № 8: «Единые требования ПК в области информа-

ционно-коммуникационных технологий и обеспечения информационной безопасности»).

Также, реконструкция серверных помещений необходима для размещения систем и оборудования для Центров управления месторождениями (ЦУМ) ПУ «Каламкасмұнайгаз» и ПУ «Жетыбаймұнайгаз», которые запланированы к реализации в 2023-2024 годах. Основными целями и задачами ЦУМов являются: оперативный контроль, мониторинг и управление всеми технологическими процессами на объектах, эффективное управление месторождениями, разработка и внедрение мероприятий по предотвращению аварий и несчастных случаев на производстве, разработка и внедрение новых методов и технологий, направленных на увеличение эффективности и оптимизацию процессов добычи нефти и газа, оптимизация затрат.

# Ысырапсыз өндірістің берері мол

**Ысырапсыз өндіріс – барлық ресурстарды барынша ұтымды пайдалана отырып жұмысты тиімді ұйымдастыру, барлық қызметкерді ысыраптарды жоюға үйрету және сол арқылы процестерді жақсарту. Қарапайым тілмен айтқанда, ысырапсыз өндіріс – әрбір қызметтік әрекеттерде ысырапсыз (артық шығынсыз) құндылық жасау мәдениеті.**

Ысырапсыз өндіріс тұжырымдамасы – әр қызметкерді өндірісті жетілдіру процесіне дағдыландырып және тұтынушыға (ішкі және сыртқы) барынша сапалы қызмет көрсетуді қамтитын жүйе.

Неге ысырапсыз өндіріс деп айтамыз? Оның «Кайдзен», «Лин» ұғымына қандай ұқсастық бар? Әлде бұлар бөлек бір дүние ме? Осы сұраққа қысқаша жауап бере кетейік.

1943 жылы Toyota Motor Corporation-да жұмыс істей бастаған жапондық өнер тапқыш Тайичи Оно компанияға ең жақсы әлемдік тәжірибе әкелген. Ол 1950 жылдардың ортасында американдық Эдвард Деминг, Генри Фордтың тәжірибелерін ұштастыра отырып, Кайдзеннің негізін салды және Toyota Production System (TPS) деп өзіндік жүйе етіп әзірледі.



1970-80 жылдарда АҚШ-тағы мұнай дағдарысының салдарынан Жапон тауарлары Америка нарығын жаулай бастаған кезде американдықтардың TPS-ті зерттеп, көшіруіне тура келді. Осылайша АҚШ «Lean Production» (Lean Manufacturing) атауымен әдістеме жасақтап шығарды.

Ал 2000 жылдары сол Lean әдістемесі Ресей Федерациясында «Бережливое производство» деп атауымен еніп, ресейлік кәсіпорындарда қолданыла бастады.

Біздің елімізде «Кайдзен» деп аталып бұл жүйе көп өндірістерде қолданылды, «Бережливое производство» деген атаумен де өндіріс ошақтарында қолданысқа еніп жатты.

Мысалы, 2019 жылы бұл жүйенің Қазақстанның мұнай өндірісіне енген тұсында еліміздің киелі ордасы, қара алтынның ошағы болған Маңғыстау өлкесіндегі ерекше қала Жаңаөзеннен «Кайдзен», «Лин» атаулары «Ысырапсыз өндіріс» деп бастау алды.

Өйткені Жаңаөзендік мұнайшылар Жапон, Батыс, АҚШ шығармашылық материалдарымен таныса келе, бұл бабаларымыз кейінгі ұрпаққа өсиет еткен, өз тұрмыс-салтымыз бен дәстүрімізде болған ысырапшылдықпен күрес екенін бірден білді. Сол үшін де біз осы атауларды өндіріске алып келген Жаңаөзен мұнайшыларына алғысымызды айтып жүреміз. Себебі, бұл ұғымдардың тектен тек шығарыла қоймағаны анық, Жаңаөзендік мұнайшылар бұл жүйенің тарихымен, құралдарымен таныса келе, бұл нағыз ысырапшылдықпен күресу жүйесі екенін жете түсінді. Мысалы, тамақтан кейін саусақтағы майды ысырап болады деп, бірден шүберекке сүртпей, аттың

жүгеніне жағып, қала берді мәсіне жаққан тіпті нанның қиқымына дейін сорпа, шәйінің үстінен үзіп жеген ата бабамыздың дана ақылын сіңіріп өскен ұрпаққа бұл ұғымдарды ұғыну қиындыққа түскен жоқ.

Міне, осылай «Кайдзен», «Лин» жүйесі «Ысырапсыз өндіріс» деп аталып, өндірісті өңірлерде қолданысқа енді, болашақтағы еліміздің басқа да өндіріс пен кәсіпорындары бар аймақтарында осы атаумен аталса екен деп тілейміз.

## «OIL SERVICES COMPANY»: Мақсат пен міндет

Қазіргі тұрақсыз әлеуметтік және күрделі экономикалық жағдайларда мұнай сервистік компаниялардың алдында бәсекеге қабілеттілікті сақтау, үнемі даму және олардың әлеуетін арттыру міндеті тұр.

Ысырапсыз өндіріс тұжырымдамасына негізделген мұнай сервистік компанияларда бизнес-процестерді басқарудың, жобалық басқарудың бірыңғай әдістерін пысықтау, бейімдеу және енгізу мақсатымен 2019 жылы «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ бастамасымен «КМГИ» мамандарының қатысуымен «Oil Services Company» ЖШС-де «Ысырапсыз өндіріс» құралдарын енгізу бойынша бірлескен жоба басталды.

Бұл жоба «Oil Services Company» ЖШС компаниясының ішкі қызметінің дамуына жұмысшылардың қызығушылығын арттырып, олардың еңбекке деген көзқарасын өзгертуге және процестердегі ысыраптарды азайтып операциялық тиімділік деңгейін арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ «Ысырапсыз өндіріс» құралдарын қолдану арқылы өндірістік және басқару процестерін жеделдетуге арналған үздіксіз жақсарту жүйесін жасақтау үшін мекеме басшылығы жаңадан Ұйымдастыруды дамыту жөнінде учаске ашып, осы мақсаттарды алға шығарды.

«Oil Services Company» ЖШС



## Ер дәулеті - еңбек

**Бердібек Роман бүгінгі таңда «Oil Construction Company» ЖШС прораб болып жұмыс істейді. Ширек ғасырға жуық Қаламқас кенорнындағы инфрақұрылым құрылысы саласын алға тарту жолында өзгелерге үлгі-өнеге болып, компанияның гүлденуіне айтарлықтай еңбек сіңіріп келеді.**

Бердібек Роман – Тұщықұдық ауылының тумасы. Мектеп бітірісімен техникалық кәсіп меңгеруді мақсат тұтып Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтына оқуға түсті. Жастайынан білімге бейім, зерек жігіт адамзат өркениетінің бастауында тұрған құрылыс саласының инженері деген мамандықты игеріп шықты.

Бердібек Роман 1994 жылдан бері мұнай саласында, компания құрылғаннан бері өндірістік-техникалық білім инженері, жұмыс ұйымдастырушысы қызметтерін атқарды. Күш-қайраты мен ақыл-пайымын жолдас етіп, өндірістік тапсырманы мүлтіксіз орындауға атсалысып келеді. Құрылыс ісінің қыр-сырын, қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін қолдануды өзінен кейін өсіп келе жатқан жас мамандарға

үйретуден әсте жалыққан емес. Оның тәлім-тәрбиесін көрген Сәрсенғали Әділдіков, Асылбек Рахметов сынды мамандар өсіп шығып, жақсы атаққа ие болып жүр.

Соңғы кездегі Қаражанбас кенорнындағы су тұщыту зауыты, Қияқты жеріндегі сужинағыш ұңғыманы жайластыру сияқты күрделі құрылыс объектілерінің құрылысында майталман маман ретінде үлкен жауапкершілік арқалап жүрді.

Еңбектегі жетістіктері бағаланып, бірнеше рет Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен, медалдармен марапатталды. Табаны күректей 29 жыл бір жерде тұрақты жемісті еңбек еткен Бекең отбасында да бақытты. Өмірдегі жары Гүлсім Балықбайқызы екеуі Әйгерім, Еркебұлан, Ернар атты үш бала тәрбиелеп өсірді. Олардан болашақтарынан үміт күттірер немере сүйіп отыр. Еңбекпен өткен өмір жолы, адалдығы, кәсіби шеберлігі көпке үлгі болып жүрген, өзінің кемел шағында тұрған азаматтың шаңырағында да береке-бірлік, ырыс-ынтымағы жарасын тауып, жалғасып келе жатқаны қуантады.

А.ЕСБОСЫН



# Жалпыға жүктелген жауапкершілік

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес 2021 жылдың 1 - қаңтардан бастап Салық кодексінің «Жалпыға бірдей декларациялау» 71-тарауы қолданысқа енгізілді. Елімізде жалпыға бірдей декларациялау тәртібі кезең-кезеңімен жүргізілуде.



27 сәуірде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде кірістер мен мүліктерді жалпыға бірдей декларациялау заңдылықтарын түсіндіру үшін Ақтау қаласы Мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас мамандары жиын өткізді.

Мамандар компания қызметкерлеріне декларация тапсыру мәселелері бойынша түсініктемелер мен кеңестер беріп, түйткілді сұрақтарға тұшымды жауап берді.

Көптеген қызметкерлер алғаш рет декларация тапсыруға мәжбүр болғандықтан, кездесуде маңызды сұрақтар қызу талқыланды.

Сондай-ақ, біздің қызметкерлерге көмек көрсету мақсатында кеңседе, қоғамның өндірістік басқармаларында түсіндіру және консультациялық жұмыстар жүргізу мүмкіндігі, Ақтау қаласы Мемлекеттік кірістер басқармасы мамандарының қатысуымен



декларацияларды толтыруға жәрдемдесу, көмек көрсету үшін орындар ұйымдастыру пысықталатынын хабарлаймыз.

Сіздің тікелей басшыңыз сізге түсіндіру жұмыстарын жүргізу уақыты мен орны туралы хабарлайтын болады.

## Құрметті әріптестер!

2023 жылдың ақпан айының 1 жұлдызынан бастап Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес **«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның барлық қызметкерлері тұрғылықты (болған) жері бойынша салық органына 2022 жылға арналған салық декларациясын тапсыруға міндетті.**

Көрсетілген декларацияларды салық органына Сіздің жұбайыңыз (зайыбыңыз) да беруге міндетті екендігіне назар аударамыз.

**Декларацияны бірінші рет** тапсыратын қызметкерлер, **250-нысан бойынша «Активтер мен міндеттемелер туралы» декларацияны тапсыруға міндетті.** Кейінгі жылдары 270.00 нысаны бойынша «Кірістер мен мүлік туралы» декларация берілуі тиіс.

**2022 жылы** 250.00 нысаны бойынша «Активтер мен міндеттемелер туралы» декларация **тапсырған** қызметкерлер, 2023 жылы **270.00 нысаны** бойынша «Кірістер мен мүлік туралы» декларация тапсырады.

### Декларацияларды тапсыру мерзімі:

- қағаз жеткізгіште ұсынылған жағдайда - ағымдағы жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей
- электронды түрде ұсынылған жағдайда - ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей

### Назар аударыңыз!

Декларацияны уақтылы тапсырғаны және дұрыс мәліметтерді көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының Заңында **әрбір азаматтың дербес жауапкер-шілігі көзделген!**

Декларация берілмеген және/немесе дәйексіз мәліметтер көрсетілген жағдайда уәкілетті орган әкімшілік жауаптылыққа тартуға құқылы («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 272-бабының 2-1-тармағы).

Бұл қызметкерге және/немесе оның жұбайына (зайыбына) **келесі әкімшілік жауапкершілік шаралары қолданылуы мүмкін дегенді білдіреді:**

- Ескерту** (декларация уақтылы берілмеген жағдайда),
- 3 АЕК мөлшерінде айыппұл** (әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жоғарыда аталған әрекетті қайталап жасағаны үшін)

Сонымен қатар, Сізге «Кірістер мен активтерді декларациялау мәселелері» **оқу сабақтарына сілтеме жібереміз**, онда мемлекеттік және орыс тілдерінде 250.00 және/немесе 270.00 нысандарын қалай толтыру керектігі туралы толық түсініктеме берілген.

<https://www.instagram.com/tv/Cq-ZE8bI00V/?igshid=ZTE2MDY0MWU>  
(қазақ тілінде)

### Оқыту сабағына кіру коды: SgCA9+5\$

[https://us06web.zoom.us/rec/share/O8WpvhD93G-NXKu\\_S6-vEiYRzduVxaWI4TtRSOGUOQVd-DcJV\\_72ybuGBvxyUy0-cu91cDpiV6HCNsJ](https://us06web.zoom.us/rec/share/O8WpvhD93G-NXKu_S6-vEiYRzduVxaWI4TtRSOGUOQVd-DcJV_72ybuGBvxyUy0-cu91cDpiV6HCNsJ)  
(на русском языке)

Компьютерге қол жеткізе алмайтын жұмысшылар үшін оқу сабақтарына сілтеме СМС арқылы жеке ұялы телефонға жіберіледі.

Сізден түсініктемелермен мұқият танысып, декларацияларды Өзіңізге ыңғайлы тәсілмен тапсыруыңызды сұраймыз.

Сондай-ақ, біздің қызметкерлерге көмек көрсету мақсатында кеңседе, сондай-ақ қоғамның өндірістік басқармаларында түсіндіру және консультациялық жұмыстар жүргізу мүмкіндігі, сондай-ақ Ақтау қаласы Мемлекеттік кірістер басқармасы мамандарының қатысуымен декларацияларды толтыруға жәрдемдесу және көмек көрсету үшін орындар ұйымдастыру пысықталатынын хабарлаймыз.

Сіздің тікелей басшыңыз сізге түсіндіру жұмыстарын жүргізу уақыты мен орны туралы хабарлайтын болады.

## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

## Уважаемые коллеги!

С 01.02.2023 года, в соответствии с требованиями Налогового кодекса Республики Казахстан, **все работники АО «Мангистаумұнайгаз» обязаны подать налоговую декларацию за 2022 год в налоговый орган по месту жительства (преживания).**

Обращаем ваше внимание, что указанные декларации в налоговый орган также обязаны подать и ваши супруг (супруга).

Работники, которые **будут подавать декларацию впервые, обязаны представить декларацию «Об активах и обязательствах» по форме 250.** В последующие годы должна подаваться декларация «О доходах и имуществе» по форме 270.00.

Работники, **подававшие в 2022 году** декларацию «Об активах и обязательствах» по форме 250.00, в 2023 году подают декларацию «О доходах и имуществе» **по форме 270.00.**

### Срок подачи деклараций:

- в случае представления на бумажном носителе - не позднее 15 июля текущего года
- в случае представления в электронном виде - не позднее 15 сентября текущего года

### Внимание!

За своевременную подачу декларации и отражение достоверных сведений, Законом Республики Казахстан **предусмотрена персональная ответственность каждого гражданина!**

В случае не подачи декларации и/или отражения недостоверных сведений, уполномоченный орган вправе привлечь к административной ответственности (п.2-1 ст.272 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»).

Это означает, что к работнику и/или его супругу (супруге) **могут быть применены следующие меры административной ответственности:**

- Предупреждение** (в случае не своевременной подачи декларации),
- Штраф в размере ЗМРП** (за повторное совершение вышеуказанного деяния в течение года после наложения административного взыскания)

Дополнительно направляем **Вам ссылку на обучающие уроки:** «Вопросы декларирования доходов и активов», где дано подробное пояснение как заполнить формы 250.00 и/или 270.00 на государственном и русском языках.

<https://www.instagram.com/tv/Cq-ZE8bI00V/?igshid=ZTE2MDY0MWU>  
(на казахском языке)

### Код доступа к обучающему уроку: SgCA9+5\$

[https://us06web.zoom.us/rec/share/O8WpvhD93G-NXKu\\_S6-vEiYRzduVxaWI4TtRSOGUOQVd-DcJV\\_72ybuGBvxyUy0-cu91cDpiV6HCNsJ](https://us06web.zoom.us/rec/share/O8WpvhD93G-NXKu_S6-vEiYRzduVxaWI4TtRSOGUOQVd-DcJV_72ybuGBvxyUy0-cu91cDpiV6HCNsJ)  
(на русском языке)

Для работников у которых нет доступа к компьютеру ссылка на обучающие уроки будет направлена посредством СМС на личный мобильный телефон.

Просим Вас внимательно ознакомиться с пояснениями и сдать декларации удобным для Вас способом.

Также сообщаем, что в целях оказания помощи нашим работникам, в офисе, а также в производственных управлениях Общества прорабатывается возможность проведения разъяснительных и консультационных работ, а также организация мест для оказания содействия и помощи в заполнении деклараций с участием специалистов Управления государственных доходов г.Ақтау.

О времени и месте проведения разъяснительных работ Вам сообщит ваш непосредственный руководитель.

## Правление АО «Мангистаумұнайгаз»

	<p><b>МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ</b></p> <p>Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ</p> <p>Редактор: Есназар Сұлтанов</p> <p>Редакция алқасы: - С. Галидуллин - Ж.Кемал.</p> <p>Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев</p>	<p>Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 ұй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194</p> <p>Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p>	<p>▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді</p> <p>▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды</p> <p>▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды</p>	<p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.</p> <p>Индексі: 64265</p>	<p>“ADVER” ЖШС баспаханасында басылды.</p> <p>Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим. тел: 8(7292)507000</p>
--	---	---	--	--	--	---